

11-6/506 от 08.09.17г.

**Облыстардың, Астана және  
Алматы қалаларының  
білім басқармалары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2017-2018 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатты мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысында басшылыққа алу үшін жолдайды.

Әдістемелік нұсқау хаттың электронды нұсқасы «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының [www.rc-dd.kz](http://www.rc-dd.kz) сайтында орналастырылған.

Қосымша: 6 б. (қазақ/орыс тілдерінде). (32 + 33)

**Директор**



**Ш.Каринова**

Ш. Сұлтангазіева  
8 (7172) 74 20 65

№ исх: 11-6/506 от: 08.09.2017

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ  
ОРТА БІЛІМ ДЕПАРТАМЕНТІ  
Астана-Орынбор к., 8  
тел: (7172)74-22-92.

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДЕПАРТАМЕНТ ДОШКОЛЬНОГО  
И СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ  
г.Астана, ул. Орынбор, 8  
тел: (7172) 74-22-92

№ \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2017 г.

Облыстардың, Астана және  
Алматы қалаларының  
білім басқармалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мектепке дейінгі және орта білім департаменті «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2017-2018 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатты мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысында басшылыққа алу үшін жолдайды.

Әдістемелік нұсқау хаттың электронды нұсқасы «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының [www.rc-dd.kz](http://www.rc-dd.kz) сайтында орналастырылған.

Қосымша: 65 п. (қазақ/орыс тілдерінде).

Директор

Ш.Каринова

Ш. Сұлтангазиева  
8 (7172) 74 20 65

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДА  
БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ  
2017-2018 оқу жылы**

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ**

**Астана, 2017**

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2017-2018 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Астана, 2017. 17 бет.

Әдістемелік нұсқау хат 2017-2018 оқу жылында меншік нысанына қарамастан республиканың барлық мектепке дейінгі ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне, педагогтары мен мамандарына әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

Әдістемелік нұсқау хат «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2017 жылғы 5 маусымдағы №5 хаттама).

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту баланы жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес, жан-жақты дамытуға, адамгершілік нормаларды қалыптастыруға бағытталған, әлеуметтік дағдыларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің негізі болып табылады.

2017-2018 оқу жылы мектепке дейінгі білім беру жүйесі үшін маңызды болып табылады. Ғасырлық тарихта мектепке дейінгі білім беру саласындағы саясат мектепке дейінгі ұйым желісін дамытуға бағытталған.

Бүгінгі күні 807,2 мың бала контингентіне 9410 мектепке дейінгі ұйым қызмет етеді, оның 2336 – жеке мектепке дейінгі ұйым.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттері:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту;
- балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу;
- мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша индикаторлар жүйесін енгізу.

Мектепке дейінгі ұйымдар меншік нысанына қарамастан нормативтік құқықтық құжаттарды басшылыққа ала отырып, келесі міндеттерді орындайды:

- балалардың денсаулығы мен психикасын нығайту;
- балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу;
- рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру;
- балалардың жеке қабілеттері мен дарындылықтарын дамыту;
- әрбір баланың жағымды көңіл-күйін қамтамасыз ету, жағымды өзін-өзі сезінуін дамыту;
- баланы мектепте оқуға мақсатты түрде дайындау.

2017-2018 оқу жылында меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлерінде білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2016 жылғы 13 мамырдағы №292 ҚРҰҚ), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) сәйкес ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында (бұдан әрі – Стандарт) мектеп жасына дейінгі балалардың дайындық деңгейіне, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар айқындалған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;
- апталық циклограмма;
- балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

Әдістемелік-нұсқау хат жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады.

## Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеуге;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Білім беру салаларының өзара байланысуы балада қоршаған ортаның тұтас бейнесінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдісімен іске асырылады. Мысалы, «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметін, сондай-ақ күн тәртібінің сәттерін өткізуде педагог балалардың ауызекі сөйлеуін дамытады, сөздік қорды толықтырады, санауға, би қимылдарын қолданып, музыканың сүйемелдеуімен жаттығулар орындауға үйретеді. Кіріктіру ұстанымын қамтамасыз ету балалардың танымдық белсенділігін дамытуға және қоршаған ортаны тұтас қабылдауға ықпал етеді.

Педагог өтпелі тақырыптарды таңдағанда аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытын немесе тәрбиешінің, педагог-маманның жұмыс тақырыбын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуы тиіс. Жоспарланатын өтпелі тақырыптар, олардың бірізділігі мен саны №1 Педагогикалық кеңесте қарастырылады және бекітіледі. Мектепке дейінгі ұйымда педагог-мамандар бар болған жағдайда, олар Перспективалық жоспарды бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес құрайды, нақты жас тобының Перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалады. Штаттық кестеде педагог - мамандар қарастырылмаған мектепке дейінгі ұйымдарда нақты жас тобына Перспективалық жоспарды әдіскер немесе тәрбиеші құрастырады.

Өтпелі тақырыптардың үлгілері (*1-қосымша*).

Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ететін өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған *Перспективалық жоспар (2-қосымша)* қарастырады.

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б. *күн тәртібіндегі (3-қосымша)* процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған Циклограмма құрастырылады (*4-қосымша*).

*Циклограмманы* жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталады;

- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық ұстанымын сақтау;
- Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- балаларды дамыту мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.

Күн тәртібі, Перспективалық жоспар, Циклограмманың құрылымы әрбір топқа мектепке дейінгі ұйымның №1 Педагогикалық кеңесінде бекітіледі.

### **Білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері**

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу-білім беру процесін тиімді ұйымдастыру және балаларды сапалы тәрбиелеу және оқытумен қамтамасыз ету үшін келесі тәсілдер мен ұстанымдар қарастырылады:

- тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналардың баланың тұлғасының қалыптасуында және оның қабілеттерінің дамуында кешенді тәсілі;
- балалардың жас, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес олардың дамуына әрекеттік тәсіл;
- балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда денсаулықты сақтау тәсілі;
- баланың даму деңгейіне мониторинг жүргізуге және мектепке дейінгі ұйым қызметіне инновациялық тәсіл;
- оқытудың тұтастық, сабақтастық, үздіксіздік ұстанымдары келесі бөлімде бұрын игерген білімді бекітуді, кеңейтуді және тереңдетуді жалғастыратын білім беру салаларының бөлімдерінің арасындағы байланыс ретінде;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, білім беру процесін интерактивті құру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мазмұнына мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқыту және дамыту бағдарламалары бар, ресурстар кіретін интерактивті жабдықтар жатады. Бұл технологиялар балалардың логикасының, ойлауының, сенсорлық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді.

Мектепке дейінгілермен жұмыс түрі мен әдістері педагогпен мектепке дейінгі ұйымның бағыттарының ерекшелігіне, жабдықталуына (материалдық-техникалық қор) және педагогтың кәсіби әлеуетіне сәйкес өздігінен таңдалып, іске асырылады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін сапалы іске асыру үшін педагогтар «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 27 қыркүйектегі №400 бұйрығын басшылыққа алуы қажет.

Аталған Тізбеде көрсетілмеген оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен басқа да қосымша әдебиеттерді білім беру ұйымдарының педагогикалық процесінде қолдануға болмайды.

### **Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру**

2017-2018 оқу жылында республиканың мектепке дейінгі ұйымдарында түрлі кезеңдерде баланың даму динамикасын анықтауға, педагогтың болашаққа алдағы амалдарын белгілеуге, баланың жеке дамуы үшін қажетті жұмыста жүргізуге мүмкіндік беретін бірыңғай мониторинг енгізіледі. Мониторинг жүргізу үшін индикаторлар жартыжылдық бойынша білім беру салаларынан күтілетін нәтижелер болып табылады. Мониторинг жүргізудің басты тәсілі баланың күнделікті өмірінде жүргізілетін бақылау тәсілі болып табылады.

Диагностика оқу жылының басында, ортасында және аяғында:

- бастапқы – қыркүйекте;
- аралық – қаңтарда;
- қорытынды – мамырда жүргізіледі.

Бастапқы бақылау алдыңғы жас тобындағы мәліметтер (II жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері) негізінде жүргізіледі. Осы диагностика негізінде тәрбиеші психолог және педагог-мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтайды, сондай-ақ, балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттері анықталады.

I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша аралық диагностика (қаңтарда) жүргізіледі. Аралық педагогикалық диагностиканың жүргізілу мақсаты баланың даму динамикасын анықтау болып табылады.

Қорытынды диагностика II жартыжылдықтың нәтижелері негізінде жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейі анықталады және баланың алдағы даму болашағы белгіленеді.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

- 1-деңгей – бала сол немесе басқа қимылдарды қайталай алады;
- 2- деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді;
- 3- деңгей – бала өзінің жасай алатынын қолданады.

Мониторинг нәтижелері *Бақылау парағында (5-қосымша)* толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. *Баланың жеке даму картасын (6-қосымша)* балалармен жұмыс істейтін педагогтар, мамандар толтырады және оны баланың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақытында жүргізеді.

Топтың Бақылау парағын тәрбиеші мектепке дейінгі ұйым бойынша *Жинақ есепті (7-қосымша)* құрастыру үшін әдіскерге береді.

### **Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасау**

*Балаларды дамыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық жағдайларына қойылатын талаптар:*

- 1) тәрбиелеу – білім беру әрекетінде балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін жұмыс түрлері мен әдістерін қолдану;
- 2) әр баланың қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне бағдарланған тәрбиелеу – білім беру әрекетін мектепке дейінгі ұйымның барлық педагогтары, мамандары мен балалардың ата-аналары арасындағы өзараықпалдастық негізінде құру;
- 3) балалардың түрлі іс-әрекеттерінде бір-біріне жағымды, мейірімді қарым-қатынастарын және олардың бір-біріне өзара ықпалдастығын ересектердің қолдауы;
- 4) ересектердің балаға сыйластық қарым-қатынаста болуы, балалардың өзін-өзі оң бағалауын, олардың өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттеріне сенімін қолдау;
- 5) балалардың дамуындағы кемшіліктерді түзетуге және диагностикалауға, әлеуметтік бейімделуіне қажетті жағдай жасау;
- 6) балаларды тәрбиелеуде, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда ата-аналарға қолдау көрсету, мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметіне ата-аналарды тарту.

*Педагогикалық процесті ұйымдастыруға қойылатын талаптар:*

- 1) тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету;
- 2) мектепке дейінгі ұйымдарды мектепке дейінгі білімі бар педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету;
- 3) педагогикалық кадрлардың кәсіби шеберлігін арттыру;



4) баланы тәрбиелеу мен дамыту соның ішінде инклюзивтік білім беру мәселелерінде педагогтар мен ата-аналарға консультативтік қолдау көрсету,.

*Ұйымдастырылған оқу қызметін өткізуге қойылатын талаптар:*

1) ұйымдастырылған оқу қызметінің ең жоғарғы көлемін және ұзақтығын қамтамасыз ету;  
2) ұйымдастырылған оқу қызметінің санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың барлық жас деңгейлеріне сәйкес болуы.

Апталық нормативтік оқу жүктемесі 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында анықталған және ұйымдастырылған оқу қызметі барысында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйым топтарындағы балалардың апталық оқу жүктемесінің мүмкін ең жоғарғы көлемі:

ерте жастағы балаларға – 7 сағат;  
I кіші топ балаларына – 9 сағат;  
II топ балаларына – 12 сағат;  
ортаңғы топ балаларына – 14 сағат;  
ересек топ балаларына – 20 сағат;  
мектепалды даярлық сынып балаларына – 24 сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:

ерте жастағы балаларға – 7-15 минут;  
орта жастағы балаларға – 15-20 минут;  
ересек жастағы балаларға – 25-30 минутты құрайды.

Қазақ, орыс, ағылшын тілінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін мектепке дейінгі ұйымның мүмкіндіктерін (штаттық кестеге сәйкес кабинеттердің болуы) ескеріп, шағын топтарға бөліп өткізу ұсынылады.

Олардың арасында бірқалыпты қимылды ойындар, өздігінен дербес әрекеттер ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес екінші кіші топтан бастап вариативті компонент енгізіледі. Апталық вариативтік компоненттің жалпы көлемі:

- екінші кіші топтың балалары үшін – 1сағат;
- ортаңғы топтың балалары үшін – 2 сағат;
- ересек топтың балалары үшін – 3 сағатты құрайды.

Вариативті компонентті анықтауда балалардың жас және жеке ерекшеліктері, мен мүмкіндіктері, қажеттіліктері, қызығушылықтары және мектепке дейінгі ұйымның бағыты ескерілуі қажет. Вариативті компонент мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқу жүктемесінің шекті деңгейінен асырылмай ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымның жасалған жайлы жағдайы әрбір баланың табысты бейімделуіне және дамуына, қажетті білім, білік және дағдыларды игеруіне ықпал етеді.

*Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:*

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта толық мазмұнды, өзгермелі, көпатқарымды, вариативті, қолжетімді және қауіпсіз болуы керек.

Заттық-кеңістіктік дамытушы орта:

- әрбір жас кезеңінің ерекшеліктеріне сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеуге арналған заманауи дидактикалық материалдар мен жабдықтарды қолдана отырып Үлгілік бағдарлама мазмұнын тиімді іске асыруға;

- балалардың өмірін сақтау мен денсаулығын нығайтуға;

- балалардың дамуындағы кемшіліктерді түзетуге, инклюзивтік білім білім беруге жағдай жасауға;

- түрлі білім беру және дамыту бағдарламаларын іске асыруға;

- балалардың ойын, танымдық, зерттеу, шығармашылық және қимыл белсенділігін қамтамасыз етуге;

- заттық-кеңістіктік ортада балаларды қоршаған ересектер мен балалармен өзара ықпалдастықта эмоционалдық жағдайын жасауға және балалардың өз ойын білдіруге мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Заттық-кеңестіктік дамытушы ортаны құруда гендерлік тәсіл ескеріле отырып, қыздарға және ұлдарға арналған ойыншықтар, материалдар және арнайы заттармен жабдықталуы тиіс.

Заттық-кеңестіктік дамытушы орта білім беру салаларын кіріктіру ұстанымын ескеріп құрылады. Бір білім беру саласына арналған материалдар мен жабдықтарды басқа білім салаларының мазмұнын іске асыруда қолдану қажет. Келесі әрекет түрлеріне жабдықтарды таңдау: балалардың физиологиялық, шығармашылық және психологиялық дамуына едәуір дәрежеде ықпал ететін ойын, танымдық-зерттеушілік, коммуникативтік, еңбек, көркем-музыкалық және басқа да әрекеттерде жүзеге асады.

### **Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыру**

Меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлерінің педагогтары, мамандары мен қызметкерлері өз қызметін «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңын және мектепке дейінгі білім беру саласының басқа да нормативтік құжаттарын басшылыққа ала отырып жүзеге асырады. Мектепке дейінгі ұйымдардың барлық қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес балалардың тәрбиелеу мен дамытуда салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға жеке жауапкершілікте болады.

*Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі:*

-ұйым Жарғысы және мектепке дейінгі білім беру саласының нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға басшылықты жүзеге асырады;

-мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты мен міндеттерін, болашағын анықтайды.

-білім беру, тәрбиелеу, әдістемелік және әкімшілік-шаруашылық жұмыстарын қамтамасыз етеді;

- балалардың жан-жақты толыққанды дамуы және олардың денсаулығын нығайту мен қорғау үшін оңтайлы жағдай жасайды;

-практикада озат педагогикалық тәжірибені зерделейді және енгізеді;

- педагогтардың, қызметкерлер мен мамандардың, біліктілігін үздіксіз және уақытында арттыру үшін жағдай жасайды;

-балалардың тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналардың арасында жұмысты ұйымдастырады, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қатысуға ата-аналарды тартады, педагогикалық білімді насихаттауға ықпал етеді.

*Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері* барлық педагогикалық процесті сапалы бағдарламалық-әдістемелік қолдауды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері педагогтар мен мамандарға:

-жұмыс жоспарын құрастыруда, тәрбие мен оқыту мазмұнын, формасын, әдістері мен құралдарын анықтауда;

- баланың дамуына мониторинг жүргізуде;

- озат педагогикалық тәжірибені жалпылау мен таратуда;

- ата-аналар мен мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, педагогтері және басқа мамандарының өзара ықпалдастығына әдістемелік көмек көрсетеді.

Әдіскер педагог кадрлардың аттестациясын, педагогтардың педагогикалық шеберліктері мен әлеуетін арттыру үшін семинарлар, тренингтер және басқа да шараларды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

*Тәрбиеші* тәрбиелеу – білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін:

- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

- топтағы тәрбиелеу – білім беру әркетін жоспарлайды;

- денсаулық сақтау шараларын өткізеді;

- топтағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізеді;

- білім беру салаларын кіріктіру ұстанымын ескере отырып, заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құрады;

- балалармен жұмыста тұлғаға – бағдарланған тәсілдерді жүзеге асырады;

- жеткен нәтижелерді талдау негізінде баланың және топтың болашақтағы қызметін жоспарлайды;

- озат педагогикалық тәжірибені зерделейді, инновациялық әдістер мен технологияларды қолданады;

- балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-аналарға кеңес береді;

- дамуында ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларды инклюзивтік тәрбиелеу мен оқытуға қажетті жағдай жасайды.

Тәрбиеші күні бойы нақты жас тобының күн тәртібіне сәйкес әртүрлі педагогикалық қызметті жүзеге асырады.

*Мемлекеттік, орыс, шетел тілінің педагогтары:*

- оқылатын тілдің ерекшелігін ескере отырып, ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлайды және ұйымдастырады;

- оқудың әртүрлі формаларын, әдістерін, тәсілдерін және құралдарын қолданады;

- баланың тұлғалық тілдік мәдениетінің қалыптасуына жәрдемдеседі;

- баланың тілдерге жеке қабілеттерін айқындайды және оның дамуына ықпал етеді;

- интерактивтік жабдықтар негізінде инновациялық технологияларды қолданады;

- үш тілде оқытудың бірлігін жүзеге асырады.

Мемлекеттік тілдің оқытушылары орыс тілінде оқитын топтарда мақсатты қазақ тілін оқытуды және орыс тілінің оқытушылары қазақ тілінде оқитын топтарда орыс тілін оқытуды Үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтерінде жүзеге асырады.

*Музыка жетекшісі:*

- балалардың музыкалық дамуын жүзеге асырады;

- музыка сабақтарын, балалар мерекелерін және басқа да мәдени-бұқаралық шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

- музыкадан дарынды балаларды анықтайды;

- балалармен жеке жұмыс өткізеді;

- балаларға музыкалық тәрбие беру мәселелері бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес береді.

*Мектепке дейінгі ұйымның педагог-психологы:*

- балалардың психологиясы мен әлеуметтік саулығы үшін жағдай жасайды;

- балаларға, тәрбиешілерге, ата-аналарға әртүрлі оңалту және кеңес беру көмек түрлерін көрсету бойынша шаралар қабылдайды;

- әрбір баланың жеке психологиялық-педагогикалық картасын құрады;

- шығармашыл дарынды балаларға психологиялық қолдауды көрсетеді, олардың дамуына ықпал етеді.

*Мектепке дейінгі ұйымның дефектологы, логопеді:*

- балалардың психологиялық, дене бітіміндегі және физиологиялық ауытқушылықтарына диагностика жүргізеді;

- ауытқушылық көріністері құрылымы мен дәрежесін анықтайды;

- бұзылған функцияларды қалпына келтіру бойынша жеке және топтық түзетулерді жүзеге асырады;

- дамуында ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтенуіне ықпал етеді;

- дамуында ауытқушылығы бар балаларға көмек көрсетуде арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдану бойынша педагогикалық қызметкерлер мен ата-аналарға кеңес береді.

*Дене шынықтыру нұсқаушысы:*

- ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлайды және жүзеге асырады;

- дене тәрбиесі бойынша озат педагогикалық тәжірибені зерделейді;

- инновациялық технологияларды қолданады;

- денсаулық сақтау мәселелерінде ата-аналарға кеңес береді, қауіпсіздік шаралары мен санитарлық-гигиеналық жағдайды қамтамасыз етеді;

- арнайы медициналық топқа жататын, балалармен қосымша сабақтар өткізеді.

*Медицина қызметкері:*

- балалардың денсаулығы және дене бітімінің дамуына жауапкершілікте болады;

- емдеу-алдын алу шараларын өткізеді;

- санитарлық-гигиеналық нормаларды, күн тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді;

- балаларды тамақтандыруды ұйымдастыруды, азық-түлік сапасын бақылауды жүзеге асырады, тағайындалған нормалар мен талаптарға сәйкес ас мәзірін жасайды, азық-түліктерді қоюға қатысады, сынама алады, дәрігердің ұйғарымына сәйкес диетамен тамақтануға мұқтаж балалар үшін жеке ас мәзірін қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарға қосымша білім беру қызметін енгізу (хореография, жүзу, ағылшын тілі, компьютерлік сауаттылық және т.б.) әрбір жас кезеңі үшін тағайындалған оқу жүктемесі аясынан аспауы тиіс.

### **Тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдері**

Мектепке дейінгі ұйымның заманауи педагогы үйлесімді дамыған, ішкі жан дүниесі бай, рухани, кәсіби, мәдени жетілуге ұмтылысы мықты тұлға болуы тиіс.

Үлгілік бағдарламада анықталған міндеттерді табысты іске асыру үшін педагог балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын білуі және қолдануы тиіс. Осы мақсатта ол үнемі өзінің кәсіби шеберлігін арттыруы, өздігінен білім алуы тиіс.

Педагог мектепке дейінгі педагогика мен психологияны, мектепке дейінгі білім беру саласында халықаралық және отандық нормативтік-құқықтық құжаттарды білуі тиіс.

Бүгінгі күннің талаптарына сәйкес педагог баланың дамуына диагностика жүргізу әдістерін игеруі, мамандармен бірге қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болашаққа жеке жоспарларын анықтауы қажет.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен мамандары:

- үнемі өздігінен білім алуы;

- педагогтар мен ата-аналар үшін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін көрсетуде өткізуі;

- тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық технологияларын игеруі;

- мақалалар, баяндамалар дайындау арқылы озат педагогикалық тәжірибені тарату, конференциялар мен семинарларға қатысуы;

- үнемі біліктілікті арттыру курстарынан өтуі;

- өзінің біліктілігін алуы және дәлелдеуі үшін мерзімінде аттестациядан өтуі;

- жас педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуі;

- педагогтарға арналған түрлі байқауларға қатысуы;

- портфолионы өзінің педагогикалық жетістіктерінің нәтижелерімен үнемі толықтырып отыруы қажет.

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы 2017 жылы педагогтарға көмек көрсету мақсатында келесі әдістемелік материалдарды әзірледі:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша бойынша әдістемелік ұсынымдары;

- Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдары;

- «Халық ауыз әдебиеті – мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» әдістемелік ұсынымдары;

- «Сюжетті-рөлдік ойын – мектепке дейінгі ұйымдардағы театрландырылған әрекеттің алғашқы сатысы» әдістемелік ұсынымдары;

- Балалар әндері жинағы әдістемелік ұсынымдармен бірге;

- «Мектепке дейінгі ұйымдардың жас топтарында ұйымдастырылған оқу қызметтеріне денсаулық сақтау технологияларын енгізу» әдістемелік ұсынымдары.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың педагогтары мен мамандарына кешенді әдістемелік көмекті «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының [www.rc-dd.kz](http://www.rc-dd.kz) порталы қамтамасыз етеді.

## **Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқытық құжаттардың тізбесі**

Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім беру қызметін қамтамасыз етуде қажетті жағдайларды жасау мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқытық құжаттардың тізбесі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
2. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы.
3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 28 маусымдағы № 23-V Заңы.
4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №306 Заңы.
5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
6. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 жарлығы.
7. «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары» ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығы.
8. «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою», «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарттары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 қаулысы.
9. «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы.
10. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.
11. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы.
12. «Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы № 337 бұйрығы.
13. «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.
14. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы.
15. «Мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 29 мамырдағы № 206 бұйрығы
16. «1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

17.«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы.

18. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

## Өтпелі тақырыптардың үлгілері

Күнтізбелік айдағы тақырыптар саны мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, маусымдық шараларға, аймақтық және климаттық ерекшеліктерге және т.б. байланысты өзгеруі мүмкін.

Өтпелі тақырыптарды мақсатты тұжырымдау жас тобына, білім беру салаларына, ұйымдастырылған оқу қызметтері түрлеріне байланысты.

1. «Балабақша» – балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

2. «Менің отбасым» – отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

3. «Дені саудың жаны сау» – баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған.

4. «Менің Қазақстаным» – балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

5. «Табиғат әлемі» – тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.

6. «Бізді қоршаған әлем» – қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

7. «Салт-дәстүрлер және фольклор» – Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен таныстыруға, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыруға бағытталған.

8. «Біз еңбеккер баламыз» – қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруға, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеуге, адамның қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарауға; балалардың сөйлеуін, зейінін, қиялын дамытуға; шығармашылық қабілеттерін және ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

9. «Әрқашан күн сөнбесін» – балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін жақын адамдарына сүйіспеншілік, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған еліне, қаласына, ауылына құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастырады.

10. «Өнер көзі – халықта» – адамгершілік-патриоттық тәрбие, өзін-өзі тану, қоршаған ортамен, Қазақстан халқының және басқа елдердің салт-дәстүрімен, өнерімен таныстыру.

11. «Мен және қоршаған орта» – табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, адамдар және олардың мамандықтарымен таныстыру.

12. «Тірі және өлі табиғат» – тірі және өлі табиғатпен таныстыру, табиғатпен өзара әрекет ету, оларға ұқыпты қарау білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.

13. «Жабайы табиғат әлемі» – ғаламшардағы флора мен фаунамен таныстыру, экологиялық тәрбие.

14. «Біз мектепке барамыз» (мектепалды даярлық топқа арналған) – мектеппен таныстыру, мектепке әлеуметтік бейімделуге даярлау.



15. «Қош келдің Алтын күз!» – күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, кеш келген күз – астық өнімін жинау мезгілі.

16. «Қызықты қыс мезгілі!» – қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

17. «Алғашқы тамшылар» – түрлі өңірлердегі күздің түрлі мезгілімен, көктемдегі жеміс-жидектерді отырғызу, олардың табиғаттағы өзгерістерімен таныстыру.

18. «Жайдары жаз келді!» – жаздағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен таныстыру, жаз – адам ағзасына жеміс-жидектер арқылы келетін табиғат дәрумендерінің мезгілі.

19.«Жомарт күз»

20.«Ас атасы – нан»

21.«Жыл құстары»

22.«Жайнай бер, Қазақстаным!»

23.«Алақай, қыс келді!»

24.«Қыстайтын құстар»

25. «Қыс қызығы»

26.«Қош келдің, Жаңа жыл!»

27.«Күз сыйы»

28.«Жаңа жылдық сыйлықтар»

29.«Аңдардың қысқы тіршілігі»

30.«Қардың пайдасы»

31.«Көктем жаршысы – құстар»

32.«Жылғалардан су ақты»

33.«Ғарышқа саяхат»

34.«Жер-Ана!»

35. «Аспан әлемінің планеталары»

36. «Бір шаңырақ астында»

37. «Бейбітшілік қорғанында»

38. «Көктемгі ағаштар»

39. «Көктемгі егістік»

40. «Табиғаттың гүлденуі»

41. «Жаз да келді көңілді»

42. «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!»

43. «Техника және біз»

44. «Ертең сабақ басталады»

45. «Өнер көзі – халықта»

46. «Мен және қоршаған орта»

47. «Теңіздер мен мұхиттар әлемінде»

48. «Әрқашан күн сөнбесін»

49. «Көлік»

50. «Ғажайыптар әлемінде»

**ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР (ҮЛГІ)**

Астана қ. № 5 «Арман» б/б Бірінші кіші топ

2017 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып «МЕНІҢ ОТБАСЫМ»

**Мақсаты:** Балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету.

**Міндеттері:** Отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу. Отбасы туралы алған білімдерін кеңейтуге ықпал ететін ойын жағдайын ұйымдастыру. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Апталық тақырып	«Денсаулық»-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 апликация-0,25, музыка – 1,5	Әлеумет-0
-----------------	---------------	--	---	--	-----------

*Ескерту: оқу жүктемесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557бұйрығы) сәйкес көрсетілген*

<b>I апта</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b> (негізгі қимылдар)</p> <p>1.Тепе-теңдікті сақтау жаттығуы. Кедергіден аттап өту. Ойын-жаттығу «Қонаққа барамыз».</p> <p>2.Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру.</p> <p>3. 1 м арақашықтықтан отырып бір-біріне допты домалату («Бірге ойнайық»)</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> Дидактикалық ойын «Отбасы мүшелерін атап бер».</p>	<p><b>Сенсорика</b> Дидактикалық ойын «Қуыршақ Сәуле қонақ күтуде»</p> <p><b>Жаратылыстану</b> Ересектермен бірлескен әрекет («Анамызға көмектесеміз»)</p>	<p><b>Мүсіндеу</b> Мүсіндеудің қарапайым тәсілдері («Дәмді бауырсақ»)</p> <p><b>Сурет салу</b> Заттарды бояулармен бейнелеу («Үйдегі шамды жақ»)</p> <p><b>Музыка</b> Ән тыңдау (музыкасы А.Танидікі, сөзі А. Есеновтікі «Тәй-тәй»)</p> <p><b>Музыка</b> Ән айтуды ойын әрекеттерімен сүйемелдеу. «Көңілді саусақтар» (Музыкасы Г.Абдрахмановтікі)</p>	<p>Жақын адамдары туралы түсініктерін қалыптастыру</p>
<b>II апта</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>1. Тепе-теңдікті сақтау жаттығуы . Еңіс тақтайдың үстімен жүру «Көңілді серуен»</p> <p>2. Доғаның астымен еңбектеу «Тиіп кетпе»</p> <p>3. Гимнастикалық орындықтың үстімен төрт тағандап жүру «Марғаулар мен балалар».</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Шұбар тауық» халық ертегісі желісі бойынша саусақ театрын көрсету</p>	<p><b>Құрастыру</b> Ірі құрылыс материалдарынан құрастыру «Үйшік»</p> <p><b>Жаратылыстану</b> Суреттер қарастыру (суреттер, ойыншықтар, мультфильм кейіпкерлері және т.б.) «Достым»</p>	<p><b>Сурет салу</b> Алақандарын бояуға батырып, қағазға басып суретін салу. «Біз қыдыруға барамыз»</p> <p><b>Музыка</b> Музыкалық-ырғақтық қимыл. «Балалар қыдырып келді », музыкасы Я.Жабконікі</p>	
<b>III апта</b>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p>1Допты лақтыру «Себетке допты лақтыр».</p> <p>2. Еңіс тақтайдың үстімен төрт тағандап еңбектеу</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Шалқан» халық ертегісін оқып беру</p>	<p><b>Құрастыру</b> Ірі құрылыс материалдарымен жұмыс (кубик, цилиндр үш қырлы призма, кірпіш).</p>	<p><b>Сурет салу</b> Бояулармен сурет салу «Көше шамдары»</p> <p><b>Музыка</b> Музыкалық шығарма тыңдау</p>	<p>Туғандарына сыйластық қарым-қатынасқа</p>

	«Көпірдің үстімен еңбекте» 3.Допты бір-біріне домалату «Допты домалат»		«Гараж» <b>Жаратылыстану</b> «Бауырсақ» халық ертегісі желісі бойынша үстел үсті театрын көрсету.	«Балалар мен жаңбыр » (музыкасы Г.Абдрахманованікі) <b>Музыка</b> Музыкалық- ырғақтық қимылдарды үйрету «Орамалдармен би» (музыкасы Т. Сарыбаевтікі)	тәрбиелеу.
<b>ІҮ апта</b>	<b>Дене шынықтыру</b> 1. 1 м арақашықтықта тігінен қойылған нысанаға допты лақтыру «Доптарды себетке жина» 2. Доғаның астымен еңбектеу «Қақпаға еңбектеп өту» 3.Допты доғаның астымен домалату «Түрлі түсті доптар»	<b>Сөйлеуді дамыту</b> Дидактикалық ойын «Қуыршақ Сәулеге киінуді үйрету»	<b>Сенсорика</b> Дидактикалық ойын: «Жемістерді себеттерге сал» <b>Жаратылыстану</b> Дидактикалық ойын: «Бақшадағы көкөністер».	<b>Сурет салу</b> Саусақтармен сурет салу «Жаңбыр тамшылары» <b>Музыка</b> Ән айту. «Күзгі ән» (музыкасы М.Баляшевтікі) <b>Апликация</b> Фланелеграфта жұмыс «Жемістерді себетке орналастыр»	Туғандары, ересектер және құрдастарымен мейірімді қарым-қатынасты қалыптастыру

## Мектепке дейінгі ұйым күн тәртібінің үлгісі

Режим компоненті	Балалардың жасы			
	2 – 3	3 – 4	4 – 5	5 – 6
1	2	3	4	5
Қабылдау, тексеріп-қарау, ойындар, таңертеңгі жаттығу	7.00 - 8.00	7.00 - 8.00	7.00 - 8.00	7.00 - 8.00
Таңғы ас	8.00 - 8.30	8.20 - 8.55	8.30 - 9.00	8.00 - 8.30
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	8.30 - 9.00	8.55 - 9.20	9.00 - 9.15	8.30 - 8.45
Ұйымдастырылған оқу қызметтері (үзілістерді қоса алғанда)	9.00 - 9.30	9.20 - 10.00	9.15 - 10.00	8.45 - 10.20
Серуенге дайындық	9.30 - 9.50	10.00 - 10.20	10.00 - 10.20	10.20 - 10.30
Серуендеу	9.50 - 11.30	10.20 - 12.00	10.20 - 12.10	10.30 - 12.00
Серуеннен оралу	11.30 - 11.50	12.00 - 12.20	12.10 - 12.30	12.00 - 12.20
Түскі ас	11.50 - 12.30	12.20 - 13.00	12.30 - 13.00	12.20 - 13.00
Ұйқы	12.30 - 15.00	13.00 - 15.10	13.00 - 15.10	13.00 - 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30	15.10 - 15.40	15.10 - 15.40	15.10 - 15.40
Бесін асы	15.30 - 16.00	15.40 - 16.00	15.40 - 16.00	15.40 - 16.10
Ойындар, өз бетінше жұмыс	16.00 - 16.20	16.00 - 16.30	16.00 - 16.30	16.10 - 16.40
Серуенге дайындық	16.20 - 16.40	16.30 - 16.50	16.30 - 16.50	16.40 - 16.50
Серуендеу	16.40 - 18.00	16.50 - 18.00	16.50 - 18.00	16.50 - 18.20
Серуеннен оралу	18.00 - 18.20	18.00 - 18.20	18.00 - 18.20	18.20 - 18.30
Кешкі ас	18.20 - 18.45	18.20 - 18.45	18.20 - 18.45	18.30 - 18.50
Балалардың үйге қайтуы	18.45 - 19.00	18.45 - 19.00	18.45 - 19.00	18.50 - 19.00

**ЦИКЛОГРАММА (үлгі)**  
**Бір аптаға (2-6 қазан 2017 ж.)**  
**Астана қ. № 5 «Арман» бөбекжайы «Жұлдыз» Бірінші кіші топ**

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b> Ата-аналармен әңгімелесу  Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)  Таңертеңгі гимнастика (5 мин)	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.	Құрылыс ойындары «Үй жиһаздары», «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».	Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым». Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау.	Саусақ ойыны «Әжемнің ертегілері». Отбасылық фотосуреттерді қарастыру. Жақындары туралы әңгімелеп беру.	Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен отбасы туралы әңгімелесу.
	<b>Жаттығулар кешені</b>				
<b>Таңғы ас</b>	Ойын- жаттығу: Сылдырайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Дидактикалық ойын «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер»	Дидактикалық ойын «Мен қайда және кім болып жұмыс істеймін»	«Менің отбасым» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу	Сөздік ойын «Қимылын көрсет»

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b>          Дидактикалық ойын «Отбасы мүшелерін атап бер».          Балаларды отбасының мүшелерін атай білуге үйрету.          Ересектің сөзін тыңдай білуді қалыптастыру, балам, қызым, ата, әже, апа, аға сөздерін қолдануды жетілдіру.          Бауырмалдыққа және мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Музыка</b>          Музыкалық-дидактикалық ойын «Көңілді саусақтар» (Музыкасы Г.Абдрахманованікі)          Музыкалық аспаптардың дыбысталуын тани білуге үйрету (барабан, сылдырмақ),          Ән айту: ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, таныс әнді айту;          Музыкалық-</p>	<p><b>1. Сенсорика</b>          Дидактикалық ойын «Қуыршақ Сәуле қонақ күтуде»          Отбасы мүшелеріне қамқор болуға тәрбиелеу.          Пішіні, түсі бойынша заттарды ажыратуға және атауға үйрету, сөйлегенде заттардың, ыдыстардың аттарын қолдана білуге үйрету.</p> <p><b>2. Музыка</b>          Ән тыңдау (музыкасы А.Тани, сөзі А. Есенов «Тэй-тэй»)          Таныс музыкалық шығарманы тани білуге үйрету.          Ән айту: әндегі жеңіл айтылатын, қайталанатын сөздерді әндетіп айту;          Музыка сипатының ауысуымен бірге қозғалысты ауыстыруға, берілген бағытта тәрбиешінің артынан жүруге және</p>	<p><b>1. Мүсіндеу</b>          «Дәмді бауырсақ» (қамырмен жұмыс )          Алақандарының арасында домалату арқылы кесектерді жаюға үйрету; ұсақ қол моторикасын дамыту.          Үлкен кесектерден кіші кесектерді бөліп алуға үйрету. Мүсіндеуге қызығушылықтарын дамыту.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b>          Тепе-теңдікті сақтау жаттығуы . Кедергіден аттап өту.          Ойын-жаттығу «Қонаққа барамыз».          Кедергілерден аттап өтуге жаттықтыру.          Қимылды ойын «Мені қуып жет».</p>	<p><b>1.Жаратылыстану</b>          «Анамызға гүл суаруға көмектесеміз (ересектермен бірлескен әрекет )          Қарапайым еңбек дағдыларына тәрбиелеу.          Бөлме өсімдігін көрсетуге және атауға үйрету (фикус).          Табиғатты тануға деген ынтасын дамыту.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b>          Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру.          Алға қарай ұмтыла екі аяқтап лентадан секіруге үйрету.          Қимылды ойын «Күннің көзі мен жаңбыр»</p>	<p><b>1.Сурет салу</b>          Заттарды бояулармен бейнелеу («Үйдегі шамды жақ»)          Балаларды қылқаламды дұрыс ұстауға, қылқаламды бояуға батырып, қағаз бетінде із қалдыруға үйрету.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b>          Бір-біріне допты домалату.          1м арақашықтықтан отырып допты домалатуға жаттықтыру.          Қимылды ойын «Торғайлар мен автомобиль».</p>
---	--	---	--	--	---

	Ырғақтық қозғалыстар: ойын қимылдарымен тәрбиешінің артынан жүру және жүгіру .	жүгіруге үйрету.			
Серуенге дайындық	Киіну: реттілік, серуенге шығу				
Серуен:	<p>Балалардың серуенге қызығушылығын туғызу; серуенге ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу.</p> <p>1. Аулаға ұшып келетін құстарды бақылау. Мақсаты: құстарды тануға, дене бөліктерін атауға үйрету; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу</p> <p>2. Ересектің көмегімен қарапайым еңбек тапсырмаларын орындау (мысалы, гүлдерді суару) Мақсаты : қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.</p> <p>3. Қимылды ойындар «Мені қуып жет», «Күннің көзі мен жаңбыр» (2-3рет қайталау); Мақсаты: Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету.</p> <p>4. Дербес ойын әрекеті, серуенге алып шыққан материалдармен ойындар Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойындарды таңдауды қамтамасыз ету және құрдастарымен қарым-қатынасты қалыптастыру.</p>				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу .				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	<p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.</p> <p>Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.</p> <p>Ойын- жаттығу : Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.</p>				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс				



<p>Ойындар, дербес әрекет</p> <p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</p>	<p>Үстел үсті театры. «Менің отбасым» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.</p>	<p>Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.</p>	<p>Ойын – жаттығу «Қуыршықты жуындыр»; Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.</p>	<p>Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаикалармен және т.б. ойындар</p>	<p>сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры және т.б.</p>
	<p>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Күз» (сурет қарастыру) Мақсаты: :қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>	<p>Әңгіме құрастыру «Әжең туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: баланың сөздік қорын жақын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.</p>	<p>Жыл мезгілі туралы әңгімелесу Мақсаты: :қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Атын атап бер» Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Киіну: серуенге шығу.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Анаң мен әкеңнің есімдерін ата», « Кімнің үйінде мысық бар?» және т.б.</p>				
<p>Кешкі ас</p>	<p>Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.</p>				
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».</p>	<p>Психологтің кеңесі: мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.</p>	<p>Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.</p>	<p>Кеңес: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».</p>	<p>Жобаны таныстыру. «Менің отбасым тақырыбына көрме ұйымдастыру.</p>

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бастапқы бақылау диагностикасының нәтижелерін бақылау парағы  
Астана қаласы, №5 «Арман» балабақшасы, «Күншуақ» бірінші кіші тобы

2017-2018 оқу жылы Өткізу уақыты: 1-10 қыркүйек

«Денсаулық» білім беру саласы

		2-3-Д. 1 ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады	2-3-Д.2 негізгі қимыл түрлерінің бастапқы дағдыларына: жүру, жүгіру, өрмелеу, теле-теңдікті сақтау жаттығуларын игерген	2-3-Д. 3 жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерген	2-3-Д. 4 шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады	Жалпы саны	Орташа деңгей	Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі
1	Ахметов Арман	II	III	II	II	9	2,25	III
2	Омарова Сәния	III	III	III	II	11	2,75	III
3	Асылбеков Ғалым	II	II	III	III	10	2,5	II
4	Смаилов Әсет	III	III	II	III	11	2,75	III
5.								
	<b>Қорытынды:</b>	I – 0 II – 3 III – 1	I – 0 II – 1 III – 3	I – 0 II – 2 III – 2	I – 0 II – 2 III – 2			
I деңгей - 0    II деңгей – 1    III деңгей - 3								
Жалпы топ бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі – II								

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бастапқы бақылау диагностикасының нәтижелерін бақылау парағы  
 Астана қаласы, №5 «Арман» балабақшасы, «Күншуақ» бірінші кіші тобы  
 2017-2018 оқу жылы Өткізу уақыты: 1-10 қыркүйек

«Коммуникация» білім беру саласы													
№	Баланың Т.А.Ә.	Сөйлеуді дамыту				Көркем әдебиет					Жалпы саны	Орташа деңгей	Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі
		2-3-К.1	2-3-К.2	2-3-К.3	2-3-К.4	2-3-К.5	2-3-К.6	2-3-К.7	2-3-К.8	2-3-К.9			
		дыбыстар мен сөздерді айта алады, дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстай алады	адамның дене мүшелерін (қол, аяқ, бас), тұрмыстық және ойын әрекетін (қыдыру, тамақтану), әртүрлі өлшемді (үлкен, кіші)	берілген сұрақтарды түсінеді және тыңдайды	көргендерін бірнеше сөзбен әңгімелеп береді	тыңдалым және айтылымның бастапқы дағдыларын игерген	қысқа тақпақтарды, өлеңдерді түсінеді және жатқа біледі	шығармалардың мазмұнына эмоционалды көңіл-күй таныта біледі	жақсы таныс ертегілердің үзінділерін бірнеше сөздермен әңгімелеп береді	шығармалардың мазмұны бойынша қарапайым сұрақтарға жауап береді			
1.	Ахметов Арман	II	III	III	III	II	II	II	II	III	22	2,4	II
2.	Омарова Сәния	III	II	III	II	II	II	II	II	II	20	2,2	II
3.	Асылбеков Ғалым	III	III	II	II	II	I	II	II	III	20	2,2	II
4.	Смаилов Әсет	III	II	II	III	III	II	II	II	II	21	2,3	II
5.													
		I - 0	I-0	I - 0	I-0	I-0	I-1	I-0	I - 0	I-0			

		II - 1 III - 3	II - 2 III - 2	II - 2 III - 2	II - 2 III - 2	II - 3 III - 1	II - 3 III - 0	II - 4 III - 0	II - 4 III - 0	II - 2 III - 2			
<b>I деңгей - 0    II деңгей – 4    III деңгей - 0</b>													
<b>Жалпы топ бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі – II</b>													

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бастапқы бақылау диагностикасының нәтижелерін бақылау парағы  
Астана қаласы, №5 «Арман» балабақшасы, «Күншуақ» бірінші кіші тобы  
2017-2018 оқу жылы    Өткізу уақыты: 1-10 қыркүйек

<b>«Таным» білім беру саласы</b>													
<b>№</b>	<b>Баланың Т.А.Ә.</b>	<b>Сенсорика</b>			<b>Құрастыру</b>			<b>Жаратылыстану</b>			<b>Жалпы саны</b>	<b>Орташа деңгей</b>	<b>Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі</b>
		2-3-Т.1	2-3-Т.2	2-3-Т.3	2-3-Т.4	2-3-Т.5	2-3-Т.6	2-3-Т.7	2-3-Т.8	2-3-Т.9			
		сөздік нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындай алады (пирамиданы жинастырады, 2 бөлікке бөлінген суреттерді құрастырады)	қимылдардың, қолдың ұсақ моторикасы үйлесімділігінің бастапқы дағдыларын игерген	негізгі түстерді ажыратады, үлгі бойынша тандайды, заттардың пішіні мен шамасын сипап сезу арқылы анықтайды;	құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік) қарапайым заттар құрастыра алады	заттардың түсі, пішіні, көлемі туралы түсінікті игерген, оларды құрастыру әрекетінде қолданады	құрылыс материалдарының қасиеттері туралы түсініктерді және оларды қолданудың қарапайым тәсілдерін игерген	көкөністер мен жемістердің бірнеше түрлерін сыртқы түрі және дәмі бойынша атайды және жануарлардың дене бөліктерін ажыратады, олардың мінез-құлқына, сыртқы түріне назар	табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды				
1	Ахметов А.	II	I	III	II	II	I	II	III	II	18	2,0	II
2	Омарова С.	III	II	II	II	III	I	II	II	I	18	2,0	II
3	Асылбеков Г.	II	III	II	III	II	II	III	I	II	20	2,2	II
4	Смайлов А.	III	III	III	III	II	III	II	III	II	24	2,6	III

5.													
		I - 0 II - 2 III - 2	I - 1 II - 1 III - 2	I - 0 II - 2 III - 2	I - 0 II - 2 III - 2	I - 0 II - 3 III - 1	I - 2 II - 1 III - 1	I - 0 II - 3 III - 1	I - 1 II - 1 III - 2	I - 1 II - 3 III - 0			
<b>I деңгей - 0    II деңгей - 3    III деңгей - 1</b> <b>Жалпы топ бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі - II</b>													

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін бастапқы бақылау диагностикасының нәтижелерін бақылау парағы  
Астана қаласы, №5 «Арман» балабақшасы, «Күншуақ» бірінші кіші тобы  
2017-2018 оқу жылы    Өткізу уақыты: 1-10 қыркүйек

«Шығармашылық» білім беру саласы																		
№	Баланың Т.А.Ә.	Суретсалу				Мүсіндеу			Апликация			Музыка				Жалпы саны	Орташа деңгей	Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі
		2-3-Ш.1	2-3-Ш.2	2-3-Ш.3	2-3-Ш.4	2-3-Ш.5	2-3-Ш.6	2-3-Ш.7	2-3-Ш.8	2-3-Ш.9	2-3-Ш.10	2-3-Ш.11	2-3-Ш.12	2-3-Ш.13	2-3-Ш.14			

		заттарды қол жетімді құралдармен (дақ, сызық, ырғақ) бейнелеу тәсілдері туралы түсінікті игерген	қағаздың қасиеттері және оны қолданудың қарапайым тәсілдері туралы түсінікті игерген	түстерді ажыратады және дұрыс атайды	өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады	сазбалшық, ермексаздың қасиеттері және оны қолданудың қарапайым тәсілдері туралы түсінікті игерген	заттарды мүсіндей алады (сәбіз, қарындаш), оларды алақандарының арасында домалағады	тәрбиешінің көрсетуі бойынша мәнерлі бейне жасау үшін алынған пішінделгенді араластырады	апликацияның бейнелік сипаты туралы түсінікті игерген	материалдардың қасиеттері және оларды қолданудың қарапайым тәсілдері туралы түсінікті игерген	фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады	дауысымен дыбыстауға еліктеудің мүмкіндіктері туралы түсінікті игерген	жеңіл айтылатын, қайталанатын сөздерді аңырта алады	ересектің орындаған әндерін тыңдайды	әнді ойын әрекеттерімен сүйемелдейді			
1	Ахметов А.	II	III	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	II	30	2,1	2
2	Омарова С.	I	II	II	I	II	III	I	III	II	I	II	III	III	II	27	1,9	2
3	Асылбеков Г.	II	I	II	II	III	I	II	II	I	II	III	III	II	III	29	2	2
4	Смаилов А.	III	II	III	II	III	II	III	III	II	III	II	III	III	III	36	2,5	3
5.																		
		I - 1 II - 2 III - 1	I - 1 II - 2 III - 1	I - 0 II - 3 III - 1	I - 1 II - 2 III - 1	I - 1 II - 1 III - 2	I - 1 II - 2 III - 1	I - 1 II - 1 III - 2	I - 1 II - 1 III - 2	I - 1 II - 3 III - 0	I - 1 II - 1 III - 2	I - 1 II - 2 III - 1	I - 0 II - 1 III -3	I - 0 II - 1 III - 3	I - 0 II - 2 III - 2			
		<b>I деңгей - 0 II деңгей - 3 III деңгей - 1</b>																

	<b>Жалпы топ бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі - II</b>
--	--

**Ескертпе:** Педагог балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» бөлімінің 19 тармағына сәйкес анықтайды.

Дигностика балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау және оларға тиісті педагогикалық көмек көрсету мақсатында жүргізіледі.

**Есептеу әдістемесі:** Педагог балалардың жетістігін күтілетін нәтижелерге қатысты бағалайды:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді **қайталай алады**;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын **түсінеді**, белгілі білім қорына ие
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін және жасай алатынын қолданады, білімін өз бетінше және шығармашылықпен **қолдана алады**.

Мысалы, «Шығармашылық» білім беру саласы. «Заттарды қол жетімді құралдармен бейнелеу тәсілдері туралы түсінікті игерген» бағанында

А. Ахметовке күтілетін нәтижелерге қатысты білім мен біліктердің 2 (екінші) деңгейі қойылады. Осылайша, оның біліктері мен дағдыларының деңгейі барлық бағандарға қойылады да, содан соң жинақталады. Алынған қосынды күтілетін нәтижелер көрсеткіштерінің санына бөлінеді де, «Жалпы саны» бағанына енгізіледі. Мысалы, «Шығармашылық» білім беру саласында

А. Ахметовтің барлық 14 баған бойынша білім деңгейінің қосындысы (яғни, күтілетін нәтижелерге қатысты) 30 санын құрады  $(2+3+2+3+1+2+3+1+2+3+1+2+3+2)$ . Осы санды (30) күтілетін нәтижелер санына (14) -  $(30:14)$  бөлгенде, одан орташа сан- 2,1 алынады.

Демек, А. Ахметовтің білім, біліктері мен дағдыларының деңгейі 2 деңгейге сәйкес келеді.

Егер баланың орташа деңгейі 2,5 бірлікті құраса, онда педагог оның білім, білік, дағдыларын қай деңгейге - 2 немесе 3 деңгейге жататынын өзі (баланың әлеуетті мүмкіндігіне байланысты) анықтайды.

Одан кейін топ бойынша жалпы деңгей саны есептеледі.

Бала саны – 4. Оның ішінде:

I деңгей– 0;

II деңгей- 3;

III деңгей-1.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша топта тұтастай алғанда балалардың білім, біліктері мен дағдылары 2 деңгейге сәйкес келеді.

## 2017-2018 оқу жылындағы Баланың жеке даму картасы

Баланың аты-жөні \_\_\_\_\_ Туған жылы : \_\_\_\_\_ Астана қ. № 5 «Арман» б/б «Жұлдыз» Бірінші кіші  
ТОП

<b>Білім беру салалары</b>	<b>Түзету іс-шаралары (бастапқы бақылаудан кейін)</b>	<b>Түзету іс-шаралары (аралық бақылаудан кейін)</b>	<b>Түзету іс-шаралары (қорытынды бақылаудан кейін)</b>	<b>Қорытынды</b>
<b>Денсаулық</b>	- денсаулық үшін гигиеналық шаралардың маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру; - жеке заттарын қолдану (бет орамал, майлық, сүлгі, тарақ, түбек)	Ересектердің көмегімен мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауды жалғастыру (жеңін тұру, қолын сабындап жуу, сүлгімен құрғатып сүртуу)	Жеке гигиена дағдыларын жетілдіру. Ересектің көмегімен белгілі бір ретпен киініп-шешіну	Жеке гигиена дағдыларын жетілдіруді жалғастыру
<b>Коммуникация</b>	Ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды, сөз тіркестерін айтуды (3–5 сөзбен) дамыту	Күрделі емес сөз тіркестерін қайталауға үйрету	Таныс ертегілердің үзінділерін сахналауға ынталандыру	3–5 сөзден тұратын сөз тіркестерін айтады
<b>Таным</b>	Тәулік бөліктері туралы түсініктерін қалыптастыру	Тәулік бөліктерін суреттен, ауызша сипаттамасы бойынша ажыратуға үйрету	Тәулік бөліктерін ауызша сипаттамасы бойынша ажыратуға үйрету	Тәулік бөліктерін ажырата алады



<b>Шығармашылық</b>	<i>Бейнелеу тәсілдері туралы түсініктерін қалыптастыру (нүкте, сызық, ырғақ)</i>	<i>Әр түрлі сызықтарды салу: тік, көлденең, толқынды</i>	<i>Бейнелеудің қарапайым техникасын меңгеру (саусақ іздері, резеңке түтіктер арқылы)</i>	<i>Сурет салудың қарапайым техникасын жетілдіруді жалғастыру</i>
<b>Ескерту:</b> Баланың жеке даму картасы бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша Бақылау парақтарының мәліметтері негізінде толтырылады және мектепке дейінгі ұйымда сақталады.				

Астана қаласы, №5 «Арман» балабақшасының балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы, аралық, қорытынды (қажеттісінің астын сыз) мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі  
2017-2018 оқу жылы

			Денсаулықты сақтау			Коммуникативті-тілдік			Танымдық			Шығармашылық			Әлеуметтік		
			I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III	I	II	III
1.	<i>Жұлдыз (Бірінші кіші топ)</i>	25	3	10	12	5	10	10	2	9	14	8	12	5			
2.	<i>Балдырған (Екінші кіші топ)</i>	25	5	11	9	4	8	13	6	8	11	3	9	13	5	8	12
3.																	
4.																	
5.																	
6.																	
7.																	
8.	Барлығы	50	8	21	21	9	18	23	8	17	25	11	21	18	5	8	12